I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «ORLE» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан былай Серіктестік деп аталады да, Қазакстан Республикасының заңдары, кәсіпорындардың шаруашылық қызметтерін реттейтін заң актілері бойынша заңды тұлға болып табылады.
1.2. Серіктестік шағын бизнес субъектісі ретінде құрылған.
1.3. Серіктестіктің фирмалық атауы:
қазақ тілінде: «ORLE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Орыс тілінде: Товарищество с ограниченной ответственностью «ORLE».
1.4. Серіктестіктің орналасқан жері:
Қазақстан Республикасы, пошталық әріпсан 090000, Батыс Казакстан облысы, Орал қ, Б.Атшыбаев 2 ғим.
1.5. Серіктестіктің қызмет мерзімі шектеусіз.

II. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ, ТИПІ ЖӘНЕ ТҮРІ

2.1. Серіктестіктің құрылтайшысы (бұдан әрі Серіктестік қатысушысы деп аталатын): Қазақстан Республикасының азаматы Шалқар Ержан Ихсанұлы, туған жылы 14.02.1972 ж.,
12.12.2023ж. Қазақстан Республикасының ІІМ берілген жеке куәлік №056893486,
тұрып жатқан мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Батыс-Қазақстан облысы, Орал к., Зачаганск ш.а., Мөнкеұлы к-сі, 113 үй, 163 пәтер. Серіктестіктің жарғылық капиталдағы үлесі
100% (жүз пайыз) болып табылады

2.2. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, мектепке дейінгі білім беру ұйым қызметтерінің типтік ережелері, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің нормативтік және құқықтық актілері, Уәкілетті орган және оның құрылымдық бөлімшелерінің шешімдері мен өкімдері және осы Жарғы негізінде әрекет етеді.

2.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына және қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес Мемлекеттік аттестациядан өтеді.

2.4. Кәсіпорынды құру, тарату және қайта құруды құрылтайшы жүзеге асырады.

2.5. Кәсіпорын мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту құқығына мемлекеттік тіркеуден өтіп, кейін ие болады.

2.6. Кәсіпорын тағам өнімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген нормасын есепке ала отырып, балалардың тамақтануын үйлестіруді қаматамасыз етеді.
Кәсіпорында балаларды тамақтандыру жұмыс режімін сақтау арқылы жүзеге асырылады. Тағамның және медициналық қызметтің сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

2.7. Кәсіпорында ұйымдық құрылымдар, саяси партиялар, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар құруға және қызметіне жол берілмейді.

2.8. Осы Кәсіпорын 3 топтан құрылған, 60 балаға арналған.

2.9. Қажеттілігіне қарай бөбекжайда мүмкіндігі шектеулі балаларға арнал-ған арнайы топтар құрылады.

2.10. Кәсіпорын дербес мекеме ретінде ұйымдасқан және күндізгі режімдегі топтары бар.

III. КӘСІПОРЫН МАҚСАТЫ, ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ

3.1. Балабақшаның негізгі мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психологиялық саулығын қорғау және нығайту, оларды салауатты өмір салтына тарту;

- мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың мүдделерін қанағаттандыру, жалпы адамдық және ұлттық құндылықтарға тарту негізінде қабілеттіліктерін дамыту;

- мектеп жасына дейінгі балалардың өз бетімен сөйлеуге деген бастамасын, құштарлығын, еркіндігін және қабілеттілігін дамыту;

- алты (жеті) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқы-туды мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыру, бес жастан бастап мектеп алды дайындықпен қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірігіп жұмыс істеу.

3.2. Кәсіпорынның басты міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құнды-лықтарға, ғылымның жетістігі мен тәжірибеге негізделген

мектепке дейінгі тұлғаның тәрбиесіне арналған тиісті жағдай жасау болып табылады.

3.3. Иемдену мақсаты:

- білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;

- балалардың шығармашылық, рухани, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік, салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру;

- өз Отаны-Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншіліктерін және мем-лекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу;

- отандық мәдениетке тарту, қазақ халқының және республикада тұрып жатқан басқа да халықтардың салт-дәстүрімен таныстыру;

- оқытудың, білім беру ақпаратының жаңа технологиясын енгізу.

3.4. Кәсіпорын қызметінің мәні:

- мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие беру және оқыту;
- ата-аналарды педагогикалық ағарту жұмыстарына бейімдеу.

IV. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕГІ

4.1. Білім беру процесінің мақсаты:

- баланың ақыл-ой, адамгершілік және дене бітімінің дамуын қалыптас-тыру, шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу, жалпы адамдық құндылықтарға бағыттау, мектепте оқуға дайындау;

- кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде дайындалған бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады;

- кәсіпорын тиімді тәрбие беру процесін қамтамасыз ету үшін педагогтарға авторлық бағдарламаларды таңдауға, қолдануға, Қазақстан Республикасы-ның білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен бекітілген тәрбие беру, оқыту және сауықтырудың жаңа технологияларын енгізуге құқық береді;

- оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін эксперимент режимінде(эксперименттік

алаңдарда) жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында іске асырылатын эксперименттік білім беретін оқу бағдарламаларын колдану.

V. КӘСІПОРЫНҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

5.1Орал қаласының «ORLE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіпорны балаларды қабылдау «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» 2015 жылғы 07 сәуір Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің №172 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Өтініштерді есепке алу, балабақшадағы қабылдауға арналған жолдамаларды ресімдеу және беру тәртібін Орал қаласының білім беру бөлімі анықтайды.

5.3. Балалар Кәсіпорынға қабылдану кезінде тестілеуден өтпейді.

5.4. Баланың балабақшада орны келесі жағдайларда сақталады:

- баланың науқастығы;
- баланың медициналық, санаторлық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделуі және сауықтырылуы;
- ата-аналарының біреуіне еңбек демалысының берілуі;
- баланың жазғы уақытта екі айға дейінгі мерзімде сауықтырылуы.

5.5.Балаларды Кәсіпорыннан шығаруды ұйым басшысы келесі жағдайларда жүзеге асырады:

- баланы балабақшада күту (15 күннен артық емес) үшін ай сайын төленетін төлемнің уақытында төленбеуі;

- баланың бір айдан артық емес уақыт ішінде орынды себептерсіз және әкімшілікті ескертусіз балабақшаға келмеуі;

- баланың бөбекжайда болуына кедергі жасайтын денсаулық жағдайы туралы медициналық шешімінің болуы.

5.6.Кәсіпорында балаларды қабылдау үшін кіру жарнасын төлетуге, сондай-ақ баланың балабақшада ұзақ уақыт болмау немесе келмеу жағдайларында орнының сақталуы үшін төлем алуға жол берілмейді.

5.7.Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның ұйымдық құқықтық түрінде құрылған балабақшада бала күту үшін ата-аналардан немесе оларды алмастыратын тұлғалардан алынатын ай сайынғы төлем мөлшері, балалардың жасына қарамастан, олардытамақтандыруға кететін шығынның 100 % құрайды.

5.8. Мектепке дейінгібілім беру ұйымдарының типтік ережелерін негізге ала отырып, жалпы дамытатын мектепке дейінгі ұйымының түзету топтарындағы балалардың жағдайын қамтамасыз ету үшін ата-аналардан төлемақы алынбайды.

5.9. Балабақша мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы мектепке дейінгіұйымға қабылдаған кезде жасалатын келісім шартпен реттеледі.

VI. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Кәсіпорынәрбір жас деңгейіне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес мемлекеттік және орысша тілдерінде білім береді.

6.2.Кәсіпорында оқу-тәрбие беру қызметі қосымша үш тілде (қазақ тілі, орыс тілі,ағылшын тілі) және хореография, компьютерлік сауаттылыққа үйрету бағытында жүргізіледі.

6.3. Кәсіпорынның тәрбие және білім беру қызметі бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.4. Білім беру жүйесін сапалы бағалауда аналитикалық және статистикалық бағалау көрсеткішінің кешенді көмегі арқылы білім беру мониторингін жүзеге асыру.

6.5. Кәсіпорын ата-аналар мен балаларға әлеуметтік педагогикалық, психо-логиялық, логопедиялық және медициналық-сауықтыру бағыттары бойынша кеңес беру әрекетін жүргізеді. ҚРЗаңнамасына сәйкес ақылы қызмет көрсетудің тізімі мен тәртібі.

6.6.Кәсіпорын келісім-шарт қорытындысы негізінде, ақылы түрде ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

6.7. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер режимі мектеп жасына дейінгі балалардың жас кезеңдеріне сәйкес келеді және базистік жоспарға сәйкес дайындалады.

6.8.Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметтер, штаттық медициналық қызметкерлер міндеттері шегінде, барлық балаларға тегін көрсетіледі.

6.9.Кәсіпорын құжаттамасы Қазақстан Республикасының Білім жәнеғылым министрлігімен бекітілген типтік нұсқауға сәйкес жүргізіледі. Кәсіпорын есебі аталған нұсқау мен мемлекеттік статистика орган талаптарына сәйкес ұсынылады.

VII. БІЛІМДІ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

7.1. Білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары мен Кәсіпорын мамандары кезеңдік аттестаттау және тексеру жүргізу арқылы білім беру сапасын бақылайды.

7.2.Дамудың базалық деңгейін бағалау мектеп жасына дейінгі балалардың психофизикалық дамуының ғылымға негізделген нормативтері және олар-дың білімдері мен дағды деңгейлері негізінде, балаларды бөбекжайда тәр-биелеу және оқыту Бағдарламасына, базистік жоспарына сәйкес жүргізіледі.

7.3. Балалар келесі жас тобына көшу кезінде тестілеуден өтпейді.

VIII. КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ

8.1. Сәйкес саланың уәкілетті органының құзыретіне:

- кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық, тәрбиелеу мен оқыту жұмысын және Қазақстан Республикасының алдын-ала қолданылып жүрген заңна-маларға сәйкес өзге де қызметтерін бақылау.

8.2. Кәсіпорынды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Типтік ережелері мен Кәсіпорын Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады. Педагогикалық кеңес және қызметкерлердің жалпы жиналысы Кәсіпорынның алқалық басқару формасы болып табылады.

8.3. Кәсіпорынды басқару директордыңбасшылығымен жүргізіледі, директор-дың лауазымынан босатылуы, лауазымға тағайындалуы Орал қаласының білім беру бөлімінің конкурс өткізу немесе ауыстыру арқылы жүзеге асыру.

8.4. Кәсіпорын директоры жеке жауапты:

- тәрбиеленушілер мен Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтары мен бостан-дықтарының бұзылуына;
- оның құзыретіне қатысты қызметтердің орындалмауына;

- мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарының орындалмауына;
- тәрбиелеу мен оқу процесі кезінде тәрбиеленушілер мен Кәсіпорын қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына.

8.5.Қаржылық-шаруашылық қызмет жағдайына, сондай-ақ заттың және ақшалай қаражаттың мақсатты жұмсалуына дербес жауапкершілік жүктейді.

8.6. Директор қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді.

8.7.Директор мемлекеттік және жеке ұйымдар мен басқа кәсіпорындарда оның мүдделерін білдіреді.

8.8. Директор амалдарды реттеп, шарт жасасады, сенімхаттар береді, банк-терде есеп айыру және өзге де шоттарын ашады.

8.9.Директор өз құзыреті шегінде Кәсіпорын жұмыскерлерінің орындауына міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жазаға тартады.

8.10. Директор құжаттарға қол қою құқығына ие.

8.11. Директор кадрларды дербес іріктеп тағайындайды, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес қабылдау және босату құқығын иеленеді.

8.12. Директор Кәсіпорынның және Кәсіпорын қызметкерлерінің аттестациядан өтуін ұйымдастырады, кадрларды тағайындау кезінде аттестация қорытындысын ескереді.

8.13. Директор бөбекжайда тәрбие мен білім беру процесінің тәрбиелеу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаға сай жүзеге асырылуына жағдай жасайды.

8.14. Директор балалар мүддесі мен отбасы қажеттіліктерін қанағаттан-дыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады.

8.15. Директор баланы бөбекжайға қабылдау кезінде ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды бөбекжай Жарғысымен, тәрбие және білім беру қызметін жүргізу құқығын беретін лицензиямен және тәрбиелеу мен оқу процесіне қабылдау және ұйымдастыру тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

8.16. Директор балабақшада бекітілген мүліктің тиімді пайдаланылуын және сақталуын қамтамасыз етеді.

8.17. Кәсіпорын директоры білім беру мекемесіндегі сыбайлас жемқор-лыққа қарсы жұмыстардың жағдайына тікелей жауапты.

8.18.Кәсіпорынды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаты бойынша құрылады.

8.19.Алқалық басқару нысаны болып бөбекжай Кеңесі, педагогикалық кеңес, қамқорлық кеңесі танылады. Кеңестердің жұмысын ұйымдастыру ережесі, олардың тағайындалу тәртібі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен бекітіледі.

8.20. Директордың еңбек демалысында, іс сапарда немесе ауруына, байланысты Кәсіпорынды басқару, білім беру бөлімі келісімімен әдіскерлердің біреуіне жүктеледі.

IX. ТӘРБИЕ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1.Кәсіпорын жұмыскерлері штатын, жалақы төлеу шартын, олардың құқықтары мен міндеттерін жинақтау тәртібі:

- кәсіпорынның білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңымен, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің типтік ережелерімен белгіленеді;

- балалар, ата-аналары немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар Кәсіпорынның білім беру процесі қатысушылары болып табылады;
- кәсіпорынның педагогикалық қызметіне білім беру мекемелері туралы типтік ережемен анықталатын, білім цензі бар тұлғалар жіберіледі;

- кәсіпорынның педагогикалық іс-әрекет қызметіне берілген қызмет бойынша іс-әрекет бұл лауазым бойынша жұмыс істеу сот шешімімен рұқсат етілмеген тұлғалар жіберілмейді;

- педагогтар мен қызметкерлер ҚР еңбек кодексына сәйкес жеке еңбек шартына қол қойғаннан кейін директордың бұйрығымен қызметке қабылданып, босатылады.

9.2.Кәсіпорынның педагогикалық қызметкерлері құқылы:

- кәсіптік қызмет жағдайын қамтамасыз етуге;
- ғылыми зерттеулердің тақырыптары мен бұл жұмыс нәтижелері түрлерін педагогикалық тәжірибеде ерікті түрде пайдалануға;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарын орындау кезінде педагогикалық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен түрлерін ерікті түрде таңдауға;
- оқу процесін басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- бес жылға бір рет төрт айдан артық емес мерзімде жұмыстан қол үзбей бюджет қаражаты есебінен өз біліктілігін арттыруға;
- санатын жоғарылату, қызметін өсіру мақсатында мезгілінен бұрын аттестациядан өтуге;

- балабақша мекемелердің педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға арналған 42 күнтізбелік күнге созылатын еңбек ақысы төленетін демалысын және сауықтыру жәрдемақысын төленумен алуға;
- дербес педагогикалық қызметке;
- кәсіптік абыройы мен намысын қорғауға;
- білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметтерінің бастамасы болып табылатын материалдық активтер түріндегі (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламамен қамтамасыз ету, білім беретін ақпараттық технологиялар және тағы басқалар), басқа да меншік түрлерімен қатар, интеллектуалдық меншікті қорғауға;
- білім беру ұйымдары әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым беруге;
- педагогикалық қызметтегі табысы үшін материалдық және моральдық жағынан мадақтамаларға; орден мен медаль, құрметті атақтар, төсбелгілер мен мадақтамалар сияқты марапаттарға;

9.3. Тәрбиеші және басқа да педагогтар міндетті:

- тәрбиеленушілерге білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында қарастырылған деңгейден төмен емес білім, икемділік және дағды алуларын қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашу және дамуына көмектесу;
- өз біліктілігін арттыру;
- педагогикалық этика нормаларын қадағалау;
- тәрбиеленушілер абыройын құрметтеу;
- салауатты өмір салтын жүргізу және оны тәрбиеленушілер арасында насихаттау;
- балаларға алғашқы медициналық жәрдем көрсете білуге және төтенше жағдайлар кезінде әрекет жасау;
- медициналық тексеруден уақытында өтіп тұру;

- тәрбиеші және Кәсіпорынның басқа да педагогтары тәрбиелеу мен оқыту процесі кезінде және баланың мектепке дейінгі ұйымда болуы кезінде тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтауға дербес жауапкершілік жүктейді.

9.4. Балаға кепілдік беріледі:

- өмірі мен денсаулығын сақтау;
- дене және психикалық, моральдық зорлық-зомбылықтың барлық түрінен қорғау;
- оның абыройын қорғау;
- эмоционалдық және жеке қатынастағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- баланың жасы мен жеке даму ерекшелігіне сәйкес тамақтану, ұйықтау, демалу және т.б. физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес балалардың шығармашылық қабілеттері мен мүдделерін дамыту;
- мектепке дейінгі сапалы дайындық;
- дамыту кезінде болатын келеңсіздіктерді түзетуге көмек алу;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша білім алу;

- бейімділігіне, қабілеттілігіне, тілегі мен денсаулық жағдайына сай келетін қосымша (соның ішінде ақылы) білім беру және сауықтыру қызметтерін алу.

9.5. Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) құқылы:

- «ORLE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі кәсіпорны балалармен жұмыс жасауға арналған білім беру бағдарламасын таңдауға;
- баланың құқығы мен мүддесін қорғауға;
- кеңесші дауыс құқығымен кәсіпорын педагогтары Кеңесінің жұмысына қатысуға;
- балалармен жұмысты, соның ішінде ата-аналар комитеті арқылы қосымша (ақылы) білім беру және медициналық қызметтерді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жақсартуға арналған ұсыныстар жасауға;
- кәсіпорын директорының және педагогтардың балалармен жұмысы туралы есебін тыңдауға;
- кәсіпорыннан өз баласының тәрбиесіне, тәртібіне және дамуына қатысты ақпарат алуға.

9.6.Ата-аналар (оларды алмастыратын тұлғалар) міндетті:

- балалардың өміріне және денсаулығына қауіпсіз жағдай қалыптастыру, олардың интеллектуалдық және физикалық мүмкіндіктерінің дамуын, адам ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету;
- тәрбие және білім беру процесінде, сондай-ақ бес-алты жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындығын қамтамасыз етуде бөбекжайпедагогтарымен бірігіп жұмыс істеу;
- балаларды мектепке дейінгі ұйым жұмысының күн тәртібіне сәйкес баруын қамтамасыз ету;
- кәсіпорын Жарғысын орындау;
- кәсіпорын мен әрбір баланың ата-анасы (оларды алмастыратын тұлғалар) жасасқан келісім-шарт шарттарын орындау.

X. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ

10.1. Әкімшілік пен Кәсіпорын қызметкерлері арасындағы еңбек қатынасы "Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы" Заңымен, осы Жарғымен анықталады.

10.2. Кәсіпорынның еңбекақы қорын Уәкілетті орган еркін қаржылық баланста белгілейді.

10.3. Мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысушы жұмыскерлердің жала-қысын төлеу мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу тәр-тібін реттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

10.4.Кәсіпорын қызметкерлері өз қызметін Кәсіпорын басшысымен бекітілген лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

10.5. Кәсіпорынның штаттық кестесі еңбекақы қоры мен Уәкілетті орган келісімі шегінде басшымен бекітіледі.

10.6. Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдау жеке еңбек шарты бойынша лауазымға тағайындау арқылы жүзеге асырылады, ал атқарылатын лауазымынан босату қолданылып жүрген заңнама мен жеке еңбек келісім-шарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

10.7.Кәсіпорын қызметкерлері «Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы» Заңымен қарастырылған әлеуметтік кепілдемелерге ие болады.

10.8. Кәсіпорын жұмыс режімін еңбек заңнамасында қарастырылған кепілдемелерді есепке ала отырып белгілейді.

10.9.Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте анықталады.

Бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру мекемелері жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу ережесі еңбек саласындағы орталық атқарушы органдар келісімі бойынша білім беру саласындағы орталық органдармен бекітіледі. Мемлекеттік білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің еңбекақысы мен лауазымдық жалақысы олардың біліктілігі мен функционалдық міндеттеріне сәйкес белгіленеді.

10.10.Мемлекеттік білім беру ұйымдары өзінде бар еңбекақы төлеу қаражаты шегінде, сондай-ақ ақылы білім беретін және басқа да қызметтер есебінен үстемақы, қосымша төлемақы, сыйақы және басқа да ынталандыру сипатындағы төлемдер мөлшерін дербес анықтай алады. Ынталандыру сипатындағы төлемдер еңбекақының кепілдемелік бөлігі бойынша берешектері болмаған жағдайда бюджеттік қаражаттан бөлінуі мүмкін.

XI. БАҒА ЖӘНЕ БАҒА БЕЛГІЛЕУ

11.1. Білім беру және басқа да қызмет көрсету бағалары жергілікті атқару органымен реттеледі.

XII. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚҰРЫЛЫМЫ

12.1. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі:

- оған меншік иесі берген мүлік;
- өз қызметі нәтижесінде ие болған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен қалыптасады.

12.2. Құрылтайшының білім беру ұйымына бекіткен меншік нысандарын пайдалану тәртібі:

- құрылтайшы Кәсіпорынға оның тәрбие және білім беру қызметін қамта-масыз ету мақсатында Жарғыға сәйкес меншік құқығы бойынша құрылтай-шыға тиесілі меншік құқығы нысандарын (жер, ғимараттар мен құрылыс-тар, мүлік, жабдық,сондай-ақ тұтыну, әлеуметтік және мәдени сияқты басқа да қажетті бағыттағы мүлік) бекітеді;

- кәсіпорын өзіне бекітілген мүлікті жедел басқару құқығын иеленеді, меншік иесі мен құрылтайшы алдында өзіне бекітілген меншіктің сақталуына және тиімді пайдаланылуына жауап береді.

12.3.Кәсіпорынға заңнамада белгіленген тәртіп бойынша түсетін қаржы-лық, материалдық және валюталық түсімдер пайдаланылуы мүмкін:

- оқу-материалдық базасын нығайту үшін;

- оқу жабдықтарын алу үшін;

- тамақтандыруды жақсарту үшін жұмсалатын шығындарды жабу үшін;

- балаларды тамақтандыру үшін;

- қамтамасыз ету шығындары үшін (еңбекақы, азық-түлік тағамдарын алу, жабдықтар мен құралдар алу, толық жөндеу, шаруашылық және басқа да шығындар);

- ағымдағы жөндеу және жабдықтарды жаңарту үшін;

- балалар алаңын құру үшін;

- сауықтыру шаралары үшін;

- қосымша төлемақы, үстемақы, сыйақы және басқа да ынталандыру сипатындағы төлемдер белгілеу үшін;

- жабдық, құрал (соның ішінде жұмсақ) және арнаулы киім алу үшін;

- шаруашылық шығындары үшін (жылу, электр қуаты, сумен қамтамасыз ету төлемдері және басқа да коммуналдық шығындар, күнделікті және шаруашылық мақсаттарға арналған заттар мен жабдықтарды алу, ғимараттарға қызмет көрсетуге арналған төлемдер, көлік қызметі төлемдері мен тауарларды алуға шығатын басқа да шығындар);

- ғимарат пен құрылысты қайта құру және толық жөндеу шығындары;

- музыкалық аспаптарды жөндеу үшін.

12.4. Қаржыландыру көзі, қызметті материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру:

- жергілікті бюджет қаражаты қаржыландырудың және материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады;

- заңнамада белгіленген басқа да қызмет көрсетуден алынған табыс;

- басқа жеке және заңды тұлғалардың ерікті құрбандықтары, банк және басқа да кредит берушілер кредиттері;

- қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес басқа да көздер.

12.5. Кәсіпорын Орал қаласының білім беру бөлімімен бекітілген МдҰ-ның қызмет ету процесі кезінде алынған барлық қаржылық және материалдық құралдарын Жарғыға сәйкес пайдаланады және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған болса пайдаланудан алуға жатпайды.

XIII. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ

13.1.Кәсіпорын шаруашылық қызметті талдау және мемлекеттік бақылау үшін өз қызметі нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, заңнамамен белгіленген тәртіп бойынша бухгалтерлік және статистикалық есепті жүргізеді.

13.2.Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды мемлекет-тік басқару органдары мен басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

XIV. КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

14.1. Кәсіпорын өз міндеттемесі бойынша тек өзінің қарамағындағы ақша бойынша жауап береді. Кәсіпорынның басқада мүлкін тарату жағдайын есептемегенде, алуға жол берілмейді.

14.2.Кәсіпорынның ақшалай қаражаты жетіспеген кезде оның міндеттемесі бойынша субсидиарлы жауапкершілікті Орал қаласының білім беру бөлімі жүктейді.

14.3. Кәсіпорын қызметін тоқтату (қосу, біріктіру, бөлу, қайта құру) қайта құру және тарату арқылы жүргізіледі.

14.4.Кәсіпорынды қайта құру және тарату қолданылып жүрген заңнамалар-ға сәйкес жүзеге асырылады.

14.5. Кәсіпорын мүлкін қайта құру кезінде оның құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша оның құқықтық мұрагеріне беріледі.

14.6.Таратылған кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттан-дырылғаннан кейін қалған мүлкін уәкілді орган қайта

бөледі. Таратылған кәсіпорынның ақшасы осы кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалатын мүлкін сату нәтижесінде түскен қаражатымен қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14.7.Келісім-шарт міндеттері бойынша жауапкершілік мемлекеттік кәсіп-
орын туралы заңнама актілерімен бекітілген тәртіпте жүктеледі.

14.8.Таратылған кәсіпорынның кредит берушілердің заңды талаптарын қа-нағаттандыруға арналған мүлкі жетіспеген жағдайда, соңғысы жетіспейтін мүлікті кәсіпорын мүлкінің меншік иесінен талап етуге құқылы.

14.9. Тарату өткізілді ал кәсіпорын өзінің қызметін тоқтатты деп, бұл туралы жазбаны заңды тұлғаларды тіркейтін БСН-н ұлттық тізілімге енгізгеннен бастап саналады.

XV. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

15.1.Жарғыға енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды Кәсіпорынның педагогикалық кеңесі дайындайды және құрылтайшы қарастыруына ұсынылады.

15.2. Жарғыға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес әділет органдарында тіркеуден өткеннен кейін өз күшіне енеді.